



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 26 қыркүйек, 2025 жыл №38 (659)

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қытайдың жаһандық бастамасы жөніндегі жоғары деңгейдегі кеңеске қатысты



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы аясында ҚХР-дың жаһандық даму және жаһандық басқару саласындағы бастамалары бойынша жоғары деңгейдегі кеңесте сөз сөйледі. Іс-шара «Жаһандық дамудың жарқын келешегін бірлесе құру, бастапқы ұмтылыстарға адалдық» тақырыбына арналды.

Мемлекет басшысы аса маңызды әрі дер кезінде ұйымдастырылған жиын үшін Қытай тарапына ризашылығын білдірді.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Орнықты даму мақсаттарына тезірек жетуге ықпал ететін Жаһандық даму бастамасына (Global Development Initiative) еліміздің қолдау көрсететінін жеткізді.

Бұл бастама егемендік теңдігін қамтамасыз ету, халықаралық құқық үстемдігі, көпжақты институттарды нығайту, сондай-ақ адамдардың игілігі мен мүдделерін қорғауға бағытталған әлемдік тәртіпті ілгерілету секілді өзекті мәселелердің шешімін ұсынады.

Сондай-ақ Президент Жаһандық басқару бастамасы 150-ден астам ел қосылған «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының міндеттерімен үндес екенін жеткізді.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық бастаманы жүзеге асыру аясындағы ынтымақтастық БҰҰ-ның негізгі мақсаттарына жетуге септігін тигізетінін атап өтті.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Көктемгі егіс жұмыстары үшін шаруалар ерте қаржыландырылады



Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров шаруаларды қаржымен қамтуға 700 млрд теңгеден астам қаражат бөлінгенін мәлімдеді. Министрдің айтуынша, қазір бұл соманың 502 млрд теңгесі игерілген, деп жазады Egemen.kz.

Сондай-ақ шаруаларға жеңілдетілген бағамен 422 мың тонна дизель үлестірілген. Жанар-жағармайдың қосымша көлемі астықты кептіруге қарастырылған.

«Егін жинау кезеңінде жауын-шашынға байланысты астықты кептіруге 39,9 мың тонна дизель отыны бөлінді. Сондай-ақ элеваторлар үшін 16,4 мың тонна көлемінде сұйытылған газға қажеттілік анықталды», деді Айдарбек Сапаров.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қараша айында 2026 жылғы көктемгі егіс жұмыстарын ерте қаржыландыру іске қосылады. Бүгінде 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 253 млрд теңгеге өтінім берілген.

Сондай-ақ министр еліміздегі егін жинау науқаны барысын және 10,2 млн гектардан 15,5 млн тонна астық бастырылғанын айтты. Жиналатын 24 млн астық елдің ішкі қажеттіліктерін толық қамтып, экспорттық әлеуетті сақтауға да мүмкіндік береді деп болжанып отыр.

«Қазірдің өзінде 700 мың тонна майлы дақылдар жиналды. Жалпы, биыл майлы дақыл тұқымының шамамен 4 млн тонна көлемінде рекордтық түсімі күтілуде. Сондай-ақ 1,8 млн тонна картоп, 2,9 млн тонна көкөніс, 2,2 млн тонна бақша өнімдері жиналды», деді министр.

ПАРЛАМЕНТ

Сенатта отандық өндірушілер өнімінің өткізу мәселелері талқыланды



Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары отандық өнеркәсіп өнімінің өткізілуін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған отырыс өткізді. Мысал ретінде «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС-нің тәжірибесі қаралды.

Отырыс барысында өңдеу өнеркәсібінің, оның ішінде ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті терең өңделген өнім өндіруді дамытуға қатысты негізгі мәселелер көтерілді.

Сонымен қатар, отандық тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасында тиімді әрі ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға ерекше көңіл бөлінді.

Сенаторлар мұнай-газ химиясы саласының даму болашағын, еліміздегі Тауар өндірушілер реестрін цифрландыруды, өнімді түрлері мен өңірлер бойынша тұтыну талдауын, сондай-ақ экспорттық мүмкіндіктер мен сыртқы нарықтардағы сұранысты талқылады.

Отырыс қорытындысы бойынша саланы кешенді дамытуға бағытталған ұсыныстар айтылды. Басты басымдықтар ретінде заңнамалық базаны жетілдіру, цифрлық құралдарды енгізу және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды нығайту екені атап өтілді. Мұндай тәсіл өңдеу өнеркәсібінің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

senate.parlam.kz

Құрметті Зеренді ауданының тұрғындары, аға буын өкілдері және еңбек ардагерлері!

Сіздерді келе жатқан мереке – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әрқайсыңыздың жылдар бойғы тынымсыз еңбектеріңіз, ауданға, ауылыңызға, балаларыңызға, немере-шөберелеріңізге қатысты сан қилы ғұмырларыңыз айтуға тұрарлық екені сөзсіз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз, даналықтарыңыз, білімдеріңіз біз үшін аса бағалы. Келесі ұрпақтың бойына сіңірген негізгі құндылықтар – достық, бірлік, өзара түсіністік, еңбекқорлық және адамгершілік қасиеттері арқылы Сіздер, бүгінгі жылдам өзгеріс үстіндегі әлемді бағдарлайтын шамшырақсыздар.

Сіздер өңірдің әрі қарай дамып, өркендеуіне өз үлестеріңізді қосып, қоғам өміріне белсене араласып, әріптестермен байланысты үзбей, жас мамандарға тәлім-тәрбие беріп, әлі де «қатарда» жүрсіздер. Осы игі істеріңіз үшін сіздерге айтар алғысымыз шексіз!

Баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр тілеймін! Әрқайсыңыз отбасы бен достарыңыздың жүрек жылуы мен қамқорлығына бөлене беріңіздер!

**Әсет ҚҰРМАНФОЖИН,
Зеренді ауданының әкімі.**

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 28 қыркүйек – айдың соңғы жексенбісінде аталып өтілетін Еңбек күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еңбек – әрбір адамды, қоғамды, жалпы елді өркендеуге жетелейтін күш. Дәл осы адал еңбек жерлестеріміздің биік белестерді бағындыруларына, құрметке бөленулеріне, материалдық игіліктерге қол жеткізулеріне мүмкіндік беруші.

Ағымдағы жылды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, сол арқылы Еңбек адамының маңыздылығын және жұмысшы мамандықтарының беделі мен қажеттілігін атап өтті.

Осы мереке қарсаңында барша еңбек адамына шынайы алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер. Қай жерде жұмыс істесе де – ауыл шаруашылығында, өндірісте немесе басқа салаларда – жерлестеріміздің кәсібилігі мен жоғары жауапкершіліктері айқын көрініс беруде. Сіздердің өңірдің дамуына, Президентіміздің қуатты да әділетті мемлекет құруға бағытталған мақсаттарын жүзеге асыруға қосқан үлестеріңіз зор.

Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті өңір тұрғындары! Еңбектеріңізге табыс пен жетістіктер тілеймін!

**Әсет ҚҰРМАНФОЖИН,
Зеренді ауданының әкімі.**

**Құрметті аға ұрпақ өкілдері!
Қымбатты тыл және еңбек ардагерлері!**

Сіздерді алдағы жарқын мереке - Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күні біз өмірлік тәжірибелері үлгі боларлық және жетістіктерге толы аға ұрпақ өкілдеріне ерекше көңіл жылулығын білдіреміз. Сіздердің самаларыңыздағы өжімдер - халқымыздың даналығы мен ғұмыр жолдарының шынайы белгісі.

Біздің қасиетті міндетіміз - қарт адамдарға қамқорлық, лайықты өмір сүрулеріне қолайлы жағдайлар жасау. Біз барлық мүмкіндіктерімізді

және күш-жігерімізді осы мақсатқа жетуге бағыттайтын боламыз.

Баршаңызды мерекемен құттықтай отырып, мықты денсаулық, әр күндеріңіздің бақыт-шаттыққа толы болуын, отбасыларыңызға бақ-береке, амандық-саулық тілеймін. Шаңырақтарыңыз жақсылық пен келісімнің панасы болуына жазсын! Жүздеріңізден ешқашан күлкі кетпесін!

**Құрметпен, Зеренді аудандық
мәслихатының төрағасы
Райхан ҒАБДУЛЛИНА.**

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің ҮНДЕУІ



**Құрметті
қазақстандықтар!**

1 қазан – Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қам-

қорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы ақиясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

Өкілетті органның сессиясы

Аудан бюджеті бекітіліп, өзекті мәселелер талқыланды

Зеренді ауданының депутаттық корпусы аудандық мәслихаттың кезекті 34-сессиясына қатысты. Аудандық мәслихаттың депутаты, төрайым Райхан Ғабдуллинаның төрағалығымен өткен сессияға аудан әкімі Әсет Құрманғожин, дербес бөлімдердің басшылары, ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде келесі: туризм индустриясын дамыту; ағымдағы жылға арналған Зеренді ауданының бюджетіне өзгерістер енгізу; мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының жалақысы мен мөлшерлемесін 25 пайызға арттыруды белгілеу; тұрғын үй

сертификаттарын алушылардың саны мен санаттарын анықтау және тағы бірнеше мәселелер қаралды.

Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Станислав Цуков депутаттарды Зеренді ауданындағы туризм саласының дамуымен таныстырды.

(Жалғасы 2-ші бетте).